


«Тексерілді»  
«№23 «Талағай» бөбекжайы»  
жедел басқару құқығындағы  
МКҚК әдіскері  
К.Е.Берниязова

**Ұйымдастырылған ашық іс-әрекет**  
**Тақырыбы: «Көліктер»**



Дайындаған: Төленова Б.

2025 жыл

**Ашық іс-әрекет:** Дене тәрбиесі

**Тақырыбы:** Көліктер

**Жасы:** 4–5 жас

**Мақсаты:**

- Балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру;
- Кеңістікте бағдарлау қабілетін дамыту;
- Көлік түрлерін ажырата білуге үйрету;
- Бірге, топпен қозғалу мәдениетіне тәрбиелеу.

**Құрал-жабдықтар:**

Бағдаршам түстері (қызыл, сары, жасыл дөңгелектер), конустар, орындық (кеме ретінде), жолақтар (жол).

**Іс-әрекет барысы:**

1. Кіріспе бөлім – «Көлік қозғалды!»

**Мақсаты:** Балалардың денесін қыздыру, көңіл-күйін көтеру.

Балалар музыка әуенімен бір қатар сап түзеп тұрады.

Нұсқаушы: Сәлеметсіздер ме, балалар!

Балалар: Сәлеметсіз бе, апай!

Нұсқаушы: Балалар, бүгін біз қызықты іс-әрекет өтеміз! Ал балалар біз қызық болу үшін бізге көліктің рөлі керек болады.

Ендеше, «Көліктер» болып жүріп ұшып жүзіп көрейік.

Бірақ балалар! □ «Жол ережесін сақтаймыз»

– Балаларды бағдаршам түстерін ажыратуға үйрету.

Қызыл – тоқта!

Сары – дайындал!

Жасыл – жүр!

## 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### 2.1. Жалпы дамыту жаттығулары

Көлік – балалар рөл ұстап, жүгіріп жүреміз, көлік болып жүреміз дейміз.

Ұшақ – балалар қанатымызды жаямыз, ұшақ болып ұшамыз дейміз.

Кеме – балалар баяу тербеліп, кеме болып жүреміз дейміз.

Велосипед – балалар орнында аяқтарымызды айналдырып, қолымызды алға созып велосипед айдаймыз дейміз.

### 2.2. Негізгі қимыл жаттығулары

«Ұшақтар аспанда» жаттығуы – Кеңістікте бағдарлау, тепе-теңдік сақтау.

Нұсқаушы бағыт береді: «Жоғары көтерілдік!», «Төмен түстік!», «Қондық!».

«Пойыз келе жатыр» жаттығуы – Топпен қозғалу, нұсқауға бағыну.

Бір бала – паровоз, қалғандары – вагондар. Барлығы тізбектеліп жүреді, бұрылады, тоқтайды.

«Кемемен жүзіп өтейік» жаттығуы – Тепе-теңдікті сақтау.

Балалар орындық бойымен жүреді, оңға-солға тербеледі, тепе-теңдікті сақтайды.

«Жолдағы кедергілер» жаттығуы – Ептілік пен икемділікті дамыту.

Балалар тізілген орындықтардан секіреді, жолақ бойымен жүреді.

Түрлі түсті көліктер ойыны

Мақсаты:

- Балалардың қимыл-қозғалысын дамыту;
- Түстерді ажырата білуге үйрету;
- Ептілік пен зейінді арттыру.

Қажетті құралдар:

- Қызыл, сары, жасыл түсті шеңберлер немесе карточкалар
- Музыка (қаласаңыз).

Ойынның барысы:

1. Нұсқаушы әр балаға немесе топқа бір түсті карточка береді:

- Қызыл - карточка көрсетілгенде нұсқаушыны балалар айналып жүгіреді
- Сары – карточка көрсетілгенде нұсқаушыны балалар айналып жүгіреді
- Жасыл – карточка көрсетілгенде нұсқаушыны балалар айналып жүгіреді

Командалар жиі ауысып отырады — балалар шапшаң әрі зейінді болуға тырысады.

Ойынның ережелері:

- Өз түсін ғана біліп айналу керек.
- Басқа түстің командасын орындауға болмайды.
- Кім қателесе, сол ойыннан шығып, отырады

3. Қорытынды бөлім – «Көліктер ұйықтады»

Мақсаты: Сабақ соңында балаларды тыныштандыру, демалдыру.

Нұсқаушы: Көліктеріміз ұзақ жүрді, енді демалайық.

Балалар еденге жатып, көзін жұмып, терең тыныс алады. Жай әуен ойнайды.

Қорытындылау:

- Бүгін біз не туралы білдік?
- Қай көліктерді атадық?
- Қай көлік аспанда жүреді?
- Қайсысы суда жүреді?
- Қайсысы жерде жүреді?
- Саған қай жаттығу ұнады?

